

Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы 2024 жылғы мемлекеттік сыйлығын беру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 22 қазандағы № 683 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның ұсынымдарын қарап, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы 2024 жылғы мемлекеттік сыйлығы:

- 1) Нұржан Светқалиға, ақын – "Көкірегім көне кітап" жыр кітабы үшін;
- 2) Ергөбек Құлбек Сәрсенұлына, жазушы – "Адамның бір қызығы бала деген" кітабы үшін;
- 3) Бапанов Әлібай Қалтайұлы мен Бапанова Сәуле Сыздыққызына, авторлық ұжымға – "Көшпенді фрескалар" киізден бастырылған паннолары топтамасы мен "Әлем өрнектері" гобелендер топтамасы үшін;
- 4) Мүсәпір Жанұзақ Керімбекұлына, суретші – "Балалықтан даналыққа жол" топтамалар жинағы үшін берілсін.

2. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев